

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 тамыздағы N 855 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-кұжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (лицензиарлардың) тізбесінде:

реттік нөмірі 3-жолдың 3-бағанында "қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын темір жол жылжымалы құрамын, арнайы контейнерлерді жасау және жөндеу;" деген сөздер "темір жол жылжымалы құрамын жасау және жөндеу ; қауіпті жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын арнайы контейнерлерді жасау және жөндеу;" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 4-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес атом энергиясын пайдалануға байланысты барлық қызмет

түрлері;

арнайы қорғану құралдарын қолдану қажеттігінсіз оларды пайдалану үшін рұқсат етілетін нормадан асатын мөлшердегі радиоактивті заттарды қамтитын

өнімдерді дайындау және сату;

радиоактивті заттар мен
изотоптарды пайдалана отырып,
рентген жабдығын, құралдар
мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру және

сату.";

реттік нөмірі 5-жолдың 3-бағанының алтыншы абзацы мынадай редакцияда
жазылсын:

"минералды шикізатты өңдеу (Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін
тізбе бойынша кең таралған пайдалы қазбаларды өңдеуді қоспағанда)";

реттік нөмірі 6-жолдың 3-бағанының бірінші абзацы мынадай редакцияда
жазылсын:

"Өнеркәсіптік жарылу-өртеу қаупі бар және тау-кен өндірістерін,
магистральды газ-мұнай құбырларын, көтергіш құрылыстарды, сондай-ақ
қысыммен жұмыс істейтін қазандықтарды, сауыттар мен өткізгіш құбырларды
жобалау (құрылысқа арналған жобалау жұмыстары). Өндірістердің,
жабдықтардың, объектілердің, жұмыстардың (қызметтердің) тізбесін Қазақстан
Республикасының Үкіметі бекітеді";

реттік нөмірі 10-жолдың 3-бағанының үшінші абзацы мынадай редакцияда
жазылсын:

"жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты қызмет: жол
қозғалысын техникалық реттеу құралдарын орнату, монтаждау, жөндеу,
пайдалану";

реттік нөмірі 11-жолдың 3-бағанының бірінші абзацы алынып тасталсын;

реттік нөмірі 14-жолдың 3-бағанының бірінші абзацында "түгендеу," деген
сөз алынып тасталсын;

реттік нөмірі 16-жолдың 3-бағанының екінші абзацы алынып тасталсын;

реттік нөмірі 17-2-жолдың 3-бағанында "нотариустардың қызметі" деген
сөздер "нотариаттық қызмет" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 26-жолдың 3-бағанда:
бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Ветеринария саласындағы қызмет, Алматы қаласының аумағында жүзеге
асырылатын қызметтен басқа: ветеринарлық мақсаттағы препараттарды өндіру
және сату; ветеринарлық мақсаттарға арналған дәрілік заттарды, биологиялық
препараттарды сату; жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарға
ветеринарлық-санитарлық сараптама жүргізу; ветеринарлық емдеу-алдын алу
қызметі";

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"шитті мақтаны талшықты мақтаға бастапқы өңдеу";

реттік нөмірі 27-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 27-1-жол мынадай редакцияда жазылсын:
"27-1. Облыстық Туроператорлық,
(республикалық турагенттік қызмет,
маңызы бар қаланың, туризм нұсқаушысының
астананың) қызметтері;
атқарушы органдар

ойын бизнесі саласындағы қызмет;

жылу энергиясын өндіру, беру және тарату
(жиынтық орнатылған жылу қуаты қоса
алғанда 100 Гкал/сағатқа дейін жылу
энергиясы көздерінен);

жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе
жалпы орта білім; кәсіптік бастауыш
білім, оның ішінде кәсіптер бойынша;
кәсіптік орта білім беретін заңды
тұлғалардың білім беру қызметі, сондай-ақ
мектепке дейінгі және мектептен тыс
ұйымдардың қызметі (республикалық маңызы
бар ұйымдар орындайтын жұмыстарды,
қызметтерді қоспағанда);

заңды тұлғалардың түсті және қара
металдардың сынықтары мен қалдықтарын
жинауы (дайындауы), сақтауы, қайта өңдеуі
және сатуы;

шетелдік жұмыс күшін тартуға байланысты
қызмет;

облыстың, Астана және Алматы қалаларының
аумағында лотереялар (мемлекеттіктен
(ұлттықтан) басқа) ұйымдастыру және
өткізу;

қысыммен жұмыс істейтін қазандықтарды
(жиынтық жылу қуаты қоса алғанда
100 Гкал/сағатқа дейін) және құбырларды
пайдалану;

қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды
пайдалану (өнеркәсіптік тоңазытқыш
қондырғыларының, тұрмыстық газ
баллондарының құрамындағы);

алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау,
көтерме және бөлшек сату.";

реттік нөмірі 32-жолда:

2-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі";

3-бағанның екінші абзацында "және сату" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 35-жолдың 3-бағанының екінші абзацы алынып тасталсын;

реттік нөмірі 37-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"әуе көлігімен жолаушылар мен жүктерді

тасымалдау;

қауіпті жүктерді әуе көлігімен тасымалдау;

авиациялық жұмыстар.";

реттік нөмірі 44-жолдың 3-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"табиғат қорғауды жобалау,

нормалау және экологиялық

сараптама саласындағы жұмыстар;

Қазақстан Республикасының Үкіметі

бекітетін тізбе бойынша шаруашылық

қызметтің экологиялық қауіпті

түрлері;

экологиялық аудиторлық қызмет.";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Санитарлық, экологиялық және тау-кен-техникалық қадағалау органдарының, сондай-ақ мемэнергия қадағалау органының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрлерінің тізімінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және мемлекеттік энергетикалық қадағалау саласындағы органдардың қорытындысы қажет лицензияланатын қызмет түрлерінің тізбесі";

"І. Санитарлық қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрлерінің тізімі" деген бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын қызмет түрлерінің тізбесі";

10 және 18-тармақтар алынып тасталсын;

"ІІ. Экологиялық қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензиялайтын жұмыстар мен қызмет түрлерінің тізімі" деген бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы органдардың қорытындысы қажет лицензияланатын қызмет түрлерінің тізбесі";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Өнеркәсіптік жарылу-өрттену қаупі бар және тау-кен өндірістерін, гидротехникалық құрылыстарды, магистральды газ-мұнай өнімдері құбырларын, көтергіш құрылыстарды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандықтарды, сауыттар мен өткізгіш құбырларды жобалау және пайдалану. Өндірістердің, жабдықтардың, объектілердің, жұмыстардың (қызметтердің) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

8-тармақ алынып тасталсын;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Минералдық шикізатты өңдеу (Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша кең таралған пайдалы қазбаларды өңдеуді қоспағанда).";

"III. Тау-кен техникалық қадағалау қорытындысы қажет, лицензиялайтын жұмыстар мен қызмет түрлерінің тізімі" деген бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өнеркәсіп қауіпсіздігі органдарының қорытындысы қажет, лицензияланатын қызмет түрлерінің тізбесі";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өнеркәсіптік жарылу-өрттену қаупі бар және тау-кен өндірістерін, гидротехникалық құрылыстарды, магистральды газ-мұнай өнімдері құбырларын, көтергіш құрылыстарды, сондай-ақ қысыммен жұмыс істейтін қазандықтарды, сауыттар мен өткізгіш құбырларды жобалау және пайдалану. Өндірістердің, жабдықтардың, объектілердің, жұмыстардың (қызметтердің) тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Минералдық шикізатты өңдеу (Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тізбе бойынша кең таралған пайдалы қазбаларды өңдеуді қоспағанда).";

"IV. Мемэнергияқадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын жұмыстар мен қызметтер түрлерінің тізімі" деген бөлімде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік энергетикалық қадағалау органдарының қорытындысы қажет лицензияланатын қызмет түрлерінің тізбесі".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК